

Түркістан қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 сәуірдегі № 188 қаулысы . Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 сәуірде № 6511-13 болып тіркелді

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19 бабының 2-1 тармағына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

1) электрондық жол жүру картасы немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз жол ақысын төлеу кезінде – 70 (жетпіс) теңге;

2) жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – 100 (жүз) теңге.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №1894 "Түркістан қаласында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5341 тіркелген);

2) Түркістан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 02 желтоқсандағы №1863 "Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №1894 "Түркістан қаласында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5926 тіркелген).

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Турашбеков